

Қазақ халқының ұлы тұлғалары.

* *Орындаған: Қошан Әсем*

Жамбыл Жабаев (1846-1945)



Жамбыл- өмірімен де, шығармашылығымен де екі ғасырды молынан тұтастырып жатқан ұлы жырау. Ақынның XX ғасырдың басына дейінгі шығармашылық өміrbаяны туралы деректер аз, өлеңнен ауыз жаппаған кісінің ұшан-теніз жыр-толғау, айтыстары да түгел сақталмаған. Әйтсе де бала Жамбылдың дүмше молданы мысқылдап шығарған "Шағым", ақындық жолына рұқсат сұраған "Әкеме", "Менің пірім Сүйінбай" деген өлеңдері, бозбала кезінің мұнды да шуақты көркем жыры - "Айкүміспен айтысы", сылқым бойжеткен Кәмшат сұлуға шығарған құрбылық наз өлеңі сияқты дүниелер сақталған. Одан бертіндегі Жетісуды, Қаратая, Сыр өнірін өнеріне тәнті еткен, қырғыздың шалқар "Манасын", Шығыстың әйгілі қиссаларын жырлаған ақын мұрасынан бірталайының аты ғана белгілі. "Кедей қүйі", "Пұшықтың ұрыға айтқаны", "Әділдік керек халыққа", "Кәрібайдың төбеті", "Жылқышы", "Мәңке болыс" тәрізді тегеурінді де өжет ақындық мінезден, халықтық даналықтан туған өлеңдері, әйгілі Құлмамбет, Сарбас, Нұрмағанбет, т.б. ақындармен айтысы, Өтеген, Сұраншы батырлар туралы ұзақ дастандары - даңқты шайырдың тәңкөріске дейінгі шығармашылығынан сақталған қомақты мұрасы. Осылардың өзінен-ақ, Жамбылдың халықтың ақындық қазынасын жете, зерделей менгеріп, жаңғырта, жаңарта дамытқан, өмір-тіршілік даналығын көкірегіне тоқыған, елдің арғы-бергі тарихын әділдік, шындық сөзін ешкімнен де тайсалмай айтатын, өлеңі тау өзеніндеи тасқынды үлкен дарын иесі екенін танимыз.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ (1897-1961)



М.Әуезов туындылары әлемдік әдебиеттің айдынына мөлдір бұлақ болып күйілген, күллі адамзатқа ортақ рухани қазынаға айналды.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында 1897 жылғы 28 қыркүйекте дүниеге келді. Әкесі Омархан, атасы Әуез Абай ауылымен іргелес отырып, айналасындағы адамдармен достық көнілмен араласа білген. Әуездің өзі Абайдың өлеңдерін сүйіп оқыған, түрік, парсы әдебиетінен хабары мол, ескіше сауатты, еліне қадірлі адам болған.

1928 жылғы «Өз жайымнан мағлұмат» атты өмірбаянында жазушы: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой үрғанда маған Абай деген сөз қазақ деген сөзben теңбе-тең түскендей кездері бар сияқты. Абайды суюім үнемі ақылдан туған, сыннан туған, сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүюмен барабар болатыны бар» деп жазды.

1917 жылы «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылған, «Алаш», «Сарыарқа» газеттерінде, 1918 жылы «Абай» журналында жиырмаға тарта еңбектері басылды.

«Абай жолы» эпопеясы туралы айтылған бұл пікірлердің бәрі - М.Әуезовтің ерекше талантына, халық алдындағы еңбегіне берілген өлшеусіз құнды баға.

Бұл роман арқылы жаңа ғасырдың жарқын жолына қадам басқан үрпақтың бүгінгіні танып білуі кешегі тарихымызды жете білуімен сабактасатыны дәлелдене түседі.

Момышұлы Бауыржан (1910-1982)



Момышұлы Бауыржан (1910-1982) - екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері-Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Қөлбастау мекені.

Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады.

1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады.

1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды.

Бауыржан бірнеше орден, медальдармен наградталады, Кеңестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдан уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.



ХХ ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жүртшылықтың санасына демократиялық ойлар сініріп, алға жетелеуге үмтүлған зиялды топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы еді.

Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының, тіл білімінің атасы, ұлы түрлендіруші-реформаторы атанған ол өзінің алдындағы Шоқан, Ұбырай, Абайлардың ағартушылық, демократтық бағыттарын жалғастыра отырып, өз заманындағы тұтас бір зиялды қауымның төлбасы болды. Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылды 18 қаңтарда қазіргі Қостанай облысының Торғай өніріндегі Сартұбек деген жерде дүниеге келеді.

Табиғатынан зерек әрі талапты бала Ахмет 1882-1884 жылдары көзі ашық ауыл адамдарынан сауатын ашып, хат таниды да, кейін жақын маңдағы ауыл мектебінде оқиды. 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныпты орысша-қазақша училищеде, 1891-1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте білім алады. 1913-1918 жылдары өзі үйымдастырған "Қазақ" газетінің редакторы бола жүріп, кең ауқымды әлеуметтік істер атқарады. Газет бетінде халық өмірінің аса күрделі мәселелерін көтереді. Елді оқу-білімге ілгері үмтүлға шакырады.

ШОҚАН УӘЛИХАНҰЛЫ (1935-1965)



Талантты ғалым, публицист, әдебиет зерттеушісі, саяхатшы-географ Шоқан (шын аты Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы Уәлиханов XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұнғыш өкілдерінің бірі. Оның қысқа да жарқын өмірі, жан-жақты зерттеушілік қызметі, философия, этнография, тарих, экономика, құқық, география, ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы, т.б. жайындағы ғылыми зерттеулері, пікірлері қай кезде болmasын өзінің құндылығымен жарқырай берері сөзсіз. Қазақ халқының рухани ізденістерінің жарқын көрінісі бола отырып, қоғамдық ойсана, пікір-түжірымдардың биіктей өркендеуіне ерекше ықпал етті. Шоқан 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай облысының Құсмұрын бекетінде атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Арғы атасы Абылай жонғарларға қарсы соғыста асқан ерлік көрсеткен, ел бірлігі мен тыныштығы үшін күрескен, ақылды қолбасшы, іскер дипломат, амал-айласы мол Орта жуз ханы болған.

Шоқанның балалық шағы Сырымбет тауының баурайында, туған елі Көкшетауда өткен. Шоқан әжесі Айғанымның тәрбиесінде болған. 1847 жылы 12 жасар Шоқанды әкесі сол кездегі ең тандаулы оқу орны болып есептелген Сібір кадеті корпусына оқуға орналастырады. Шоқанның бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы таланттын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше болды. Мұнда жабық әскери оқу орны болғанымен, көптеген пәндер әскери сабактарға қоса орыс, батыс әдебиеті, географиясы мен тарихы, философия, физика, математика негіздері, шетел тілдері оқытылып, орыстың озық ойлы интеллигенттерінің өкілдері сабак берген. Оқытушылар құрамында білімді және прогресшіл ой-пікірлі адамдар көп болған.

Сәкен Сейфуллин (1894-1938)



Сейфуллин, Сәкен (Садуақас, 1894-1938) - қазақтың көрнекті жазушысы, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі, мемлекет және қоғам қайраткері.

Тұып өскен жері - Қарағанды облысының Шет ауданына (бұрынғы Жаңаарқа ауданына) қарасты Ортау кеңшарының Қарашілік қыстағы. Саяси репрессияның құрбаны болған.

Сәкеннің алғашқы өлеңдер жинағы «Өткен күндер» деген атпен 1914 жылы жарық көрді. Поэзиялық туындыларының ішінде Сәкеннің шығармашылық ерекшелігі мен идеялық саяси ұстанымын бедерлі айғақтайдын туындылары - «Кел жігіттер», «Жас қазақ марсельезасы», «Жұмыскерлерге», «Жолдастар» сияқты саяси лирикалары, сондай-ақ «Советстан», «Көкшетау», «Альбатрос», «Социалистан», «Қызыл ат» поэмалары. Проза саласында «Жер қазғандар», «Аиша», «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда», «Жемістер» повестері мен «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық роман жазған. «Бақыт жолында», «Қызыл сұнқарлар» драмалары өз заманының рухын танытатын елеулі шығармалар.

Сәкен шығарған өндер халықтық дәстүрді тұғыр ете отырып, дүниеге келген өзіндік даралық сипаттармен ерекшеленеді.

Сәкен қазақ мәдениетінде біткен біртуар дара тұлғалардың бірі. Ол өз ұлтын қалтқысыз сүйіп, халқына жойдасыз еңбек сінірді. Бұл жолда Сәкен социалистік жүйені, оның идеялық дем берушісі коммунистік партияны халықтарға бақыт пен бостандық әкелуші деп сенді. Тіпті, сенбеген күнде, сөз жузінде мейлінше тартымды коммунистік партияның саяси платформасын ұлттың қөгеріп көктеуіне пайдаланбақшы болып жан-тәнімен қимылдады.

Бекейханов Элихан (1870-1937)



Бекейханов Элихан Нұрмұхамедұлы (1870-1937) - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым, ұлт азаттық қозғалысының теориялық негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы. Туған жері бұрынғы Семей облысындағы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысы, қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы. Элиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. Бұдан кейін ол Қарқаралы қаласының үш жылдық училищесіне түсіп, оны да «өте жақсы» деген бағамен бітіріп шығады. Осыдан кейін он алты жасар Элихан Омбының техникалық училищесіне қабылданады.

Ә.Бекейханов Ресейдің көрнекті экономист, географ ғалымдарымен бірлесе отырып, «Россия біздің отанымыздың жалпы географиялық сипаттамасы» атты көп томдық еңбектің 1903 жылы шыққан қазақ өлкесіне арналған 18 томның тарауларын жазуға қатысқан.

1905 жылы Семей облысынан 1 Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып, Дума таратылар алдында ғана үлгереді.

1917 жылдары шілде және желтоқсан айларында өткен жалпы қазақтың сиездерді ұйымдастырып, онда «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметін құруға қол жеткізеді. Алашорда үкіметінің төрағалығына сайланады.



ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ (1909-1998)

Әбділда Тәжібаев - осы заманғы қазақ поэзиясының аса көрнекті шебері, ірі драматург және белгілі әдебиет зерттеушісі. Әдебиеттегі алғашқы қадамын өткен ғасырдың 20-жылдарының соңына ала өлең жазудан бастаған ол қазақ сөз өнерінің озық дәстүрлерімен дүниежүзілік әдебиеттің үздік жетістіктерінен үйрене отырып, 30-жылдардың орта шенінде-ақ айтулы ақын, республикада әдебиет ісін ұйымдастырушы қайраткерге айналды. Ә.Тәжібаев - поэзияда лирика мен поэма жанрын қатар алып жүрген ақын. Оның қаламынан туған 30-дан астам поэма мен өте көп сандағы өлеңдері сыршылдық, ойшылдығымен, шыншылдық, оттылығымен ерекшеленеді. Ә. Тәжібаев поэзиясын басқа бірде-бір ақынның туындыларымен шатастыру мүмкін емес. Оның поэзиясы - тың ізденістің, жоғары мәдениеттің, кәнігі шебердің поэзиясы.

Ә.Тәжібаев атақты драматург те. Драмалық шығармалар жазуды 30-жылдардың соңына ала бастап, әдебиеттің бұл күрделі жанрында айтулы туындылар берді. Әдебиеттану саласында да жемісті еңбек етіп, Ә.Тәжібаев талантты ғалым екенін танытты.

Оның, әсіресе, поэзия мен драматургия саласындағы зерттеулері терең ғылымилығымен, талдауларының нәзіктігімен тәнті етеді.

Ә.Тәжібаев ұзақ шығармашылық ғұмырында тынымсыз ізденіп, үздіксіз еңбектеніп, тұтас бір дәуір шындығын жан-жақты, жоғары көркемдікпен бейнелеген өте мол мұра қалдырды.

Бейімбет Майлин (1896 - 1937)



Бейімбет Майлин (1896 ж. Қостанай обл. , Таран ауд., - 1937 ж.) - казушы, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі.

Бейімбет кейіннен Арғынбай қажының медресесінде екі жылдай дәріс алады. 1913 ж. Троицкідегі «Уазифа» мектебінде, оны бітірген соң Уфадағы «Галия» медресесінде оқиды.

Өлеңдері «Айқап» журналында басқа да басылымдарда шыға бастайды. Осы жылдарда ол қазақ, татар, башқұрт, орыс әдебиеттерімен кеңірек танысып, әдеби сауаты арта түседі.

Газетте редактор болып істейтін белгілі революционер ақын С. Сейфуллиннің қарамағында жұмыс жасау Майлиnnің шығармашылық жолына үлкен өзгерістер әкеледі, еңбекші таптың саяси мұддесін көздеген өлеңдер жаза басатайды. «Еңбекші Қазақ» газеті бетінде өлең!әңгімелері жиі жарияланады. «Шұғаның белгісін» қайтадан өндеп, «Кызыл Қазақстан» журналында бастырады.

«Раушан!коммунист» повесі осы кезде жазылады. 1934-1937 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде редактор болды. 1937ж. халық жауы деген жаламен ұсталып, 1938ж. ақпанның 25-і күні атылып кетті.

Майлиnnің біраз өлеңдері әйел теңдігі тақырыбына арналған. «Қыздың сәлемі», «Қашқын келіншек», «Ақсуаттың жанында» сияқты өлеңдерінде ескі салтқа негізделген қазақ қыздарының аянышты тағдырлары суреттеледі. «Азат әйел», «Ғазиза», Шал мен қыз», «Ажар» сияқты өлеңдерінде жаңа заманда теңдікке жетіп, бақытты өмір сүре бастаған жастарды жырға қости.

Ғабиден Мұстафин. (1902-1985)



Ғабиден (29.11.1902, Қарағанды обл. Бұқар жырау ауд. Жауыр тауы-20.1.1984 - Алматы) жазушы, Қазақстан ГА корр. Мүшесі (1958), Қазақстанның халық жазушысы (1984), қоғам қайраткері. Ауыл молдасынан ескіше саут ашып, 14 жасында Спасскі з-тының табельшісінен бір жыл орысша оқиды. Сондағы бес жылдық орыс-қазақ мектебін бітірген (1916). 20-жылдардан бастап ауылдағы кеңес жұмыстарына араласты. 1925 жылдан білімін көтеру мақсатында Қызылордаға келіп, оқуға түсе алмай, өлкелік сотта іс-қағаздарды тіркеуші болып істеді. Түскен шағымдарды есіне ала отырып, ел ішіндегі заңсыздықтар туралы мақалалар жазуды үйренді. Жазушылыққа деген ұмьылышы да осы кезеңдерде басталды.

1925-1964 ж. Қарағанды шахтасында темір жонушы (токарь), «Қарағанды пролетариаты» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінің жауапты хатшысы, Новосібірде шықкан «Қызыл ту» газетінің, «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналының қызметкері, редакторы, ҚР Жазушылар Одағы басқармасының төрағасы (1953-1956, 1962-1964) қызметтерін атқарды.

Алғашқы әңгімесі «Сәрсен мен Боқаш» (1927), «Жыл құсы» альманағында жарияланса, тұнғыш жинағы «Ер Шоиын» (1929) деген атпен шықты. 1940 ж. Қарағанды шахтерлерінің өмірінен жазылған «Өмір не өлім» атты тұнғыш романы жарияланды. Бул кітап үлкен шығарм. Жолдың бастауын белгілеген ақын еңбегі еді. Соғыс жылдарында «Кұлаған құз», «Алынған кек», «Басқа пәле тілден», «Айғақ» (1942), «Тұтқын», «Күлмеген адам», «Керуен» секілді шағын туындыларды өмірге әкелді. («Жиырма бес» (1953). Соғыстан кейін ол кең көлемді прозада қалам тартып, дүниежүзіне танымаған болған Шығанақ Берсиев өмірінен «Шығанақ» повесін жазды (1945). Ол «Қарағанды» (1952), «Дауылдан кейін» (1960), «Көз көрген» (1963) ж. романдарын жазды.

Ғабит Мұсірепов (1902-1985)

Мұсірепов, Ғабит Мәхмұтұлы (1902-1985) - қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам қайраткері, Казақ КСР Ғылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері.

Туған жері қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы.

Алғашқыда ауыл молдасынан арабша хат таныған Ғабит жастаисынан өуелі екі жылдық ауылдық орыс мектебін, кейін төрт жылдық жоғары басқыш орыс мектебін бітіріп, Қазақ тәңкесінен кейін үстемдік алған Кеңес өкіметінің жұмысына әжептеуір орысша сауаты бар адам ретінде араласып, түрлі қызмет атқарады.

Орыс мектебінде жүргендеге орыстың атақты ақын жазушыларының шығармаларын оқып білуі, ауыл мектебінде өзін оқытқан әдебиетші мұғалім Бекет Өттетілеуовтың әсер ықпалы болашақ жазушының әдебиетке ерекше ықылас аударуына септігін тигізеді.

Қазақ прозасының шоқтығы биік туындысы саналған осы романынан кейін жазушы қайтадан шағын жанрға ойысады.

1968 жылы «Кездеспей кеткен бір бейне» кітабы үшін Абай атындағы республикалық сыйлық алады. Араға бес алты жыл салып барып, прозадағы соңғы елеулі туындыларының бірі «Ұлпан» повесін жариялады. Сонау отзызыншы жылдарда ақ үлкен драматург екенін танытып, «Қыз Жібек» операсының либреттосын, «Қозы Қөрпеш Баян сұлу» пьесасын берген F. Мұсірепов кейінгі жылдарда да бүкіл қазақ драматургиясының тамаша туындысы болып табылған «Амангелді», «Ақан сері Ақтоқты» пьесаларын жазады. Оның шығармаларының негізінде кинофильмдер түсіріледі.



МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ (1885-1935)



ХХ ғасырдың басындағы қазақтың ағартушылық, демократтық бағыттағы оқыған азаматтарының бірі - қайраткері Міржақып Дулатов еді. Аумалы-төкпелі заманда елдің болашағы үшін атқарған құреске толы қызметімен де, шығармашылық мұрасымен де ол халқына аяулы, еліне құрметті. Міржақып қоғамда да, әдебиетте де халқының тәуелсіздігін бірінші кезекке қойды. Өз шығармаларында туған елін оятуға үмтүлды. Алаш қозғалысының белсенді қайраткері болды. Сол себепті де М. Дулатовтың есімі мен әдеби мұрасы туралы кеңес өкіметі тұсында айтуға да, жазуға да тыйым салынды. Тек Қазақстан өз тәуелсіздігін алған тұстаған Міржақып халқына қайтып оралды. Есімі де, шығармашылық мұрасы да толық ақталды. 1991 жылы шығармалары жеке кітап болып оқырманға жетті.

Міржақып Дулатов 1885 жылы 25 қарашада қазірі Қостанай облысының Жанкелдин ауданына қарасты "Қызбел" ауылында дүниеге келеді. 1904 жылы Міржақып Омбы қаласына келеді. Осында ұлт зиялышарының ұстазы Ахмет Байтұрсыновпен кездеседі. Бұдан кейінгі уақытта бірі - ұстаз, бірі - ізбасары ретінде жұптарын жазбайды. 1905 жылы Міржақып А. Байтұрсыновпен бірге Қарқаралыдағы саяси-бұқаралық жұмыстарға қатысады. 1905 жылы патша өкіметіне қазақ халқының жазушыларының қатарында болады.

Міржақып Дулатов - әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. Алғашқы кітабы - "Оян, қазақ!" деген атпен Петербург қаласындағы жарық көрген өлең жинағы. Одан кейін 1913 жылы Орынборда "Азамат", ал 1915 жылы "Терме" атты өлеңдер кітаптары басылып шығады.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

(1893-1938)



Жұмабаев, Мағжан Бекенұлы (1893-1938) - қазақ әдебиетінің көгіндегі XX ғасырдың басында жарқырай жанған жарық жүлдышдарының бірі, тексті ақыны Туған жері бұрынғы Ақмола губерниясының Ақмола уезіндегі Полуденовский болысы (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы). Ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашқан Мағжан 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түсіп, оны жақсы үлгіріммен аяқтайды.

Ол оқу ізденеп енді Уфаға аттанады. Сонда өзінің білім беру дәрежесінен Жоғары діни оқу орнымен пара пар Медресе Ғалияға оқуға түседі. Медреседе оқып жүргенде, осында оқытушы болып істейтін, татардың белгілі жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтың назарына ілігеді. Болашақ ақынның зор дарының таныған Ғалымжан Мағжанды қамқорлығына алып, оған көп жәрдем көрсетеді. Соның көмегімен Қазан қаласында Мағжанның «Шолпан» атты тұңғыш жинағы жарық көреді, соның ақыл кеңесімен Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түседі. Жастайынан орысша оқып, орыс әдебиетінің мәдениетіне еркін жеткен Мағжан қазақ поэзиясына өзіндік ерекшелігімен, дарынды болмысымен келеді.

Бұл кез оның қазақтың ардақ азаматтары Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлынан дәріс алып, шығармашылықтың жаңа бір белесіне құлаш ұрған шағы еді.

Мағжан «Шолпан», «Сана» журналдары, «Ақ жол» газеті редакцияларында қызмет істеп жүргенде болсын, Москвандың Жоғары әдебиет көркемөнер институтында оқып жүргенде болсын, үнемі ізденіс үстінде, шығармашылық өрлеу жолында болады.

ЖҰСІПБЕК АЙМАУЫТОВ (1889-1931)



ХХ ғасырдың басында ұлттық әдебиеттің барлық жанрында бірдей өнімді еңбек еткен қаламгерлердің қатарында ақын әрі прозашы, драмашы әрі аудармашы, сыншы әрі публицист Жұсіпбек Аймауытовтың есімі айрықша орын алады. Әдебиеттің әр алуан жанрларында қалам сілтей жүріп, ол қазақ әдебиетінің жаңа өріске шығуына мол еңбек сінірді.

Жұсіпбек Аймауытов 1889 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1907 жылы молдалықты тастанап, Баянауылға барып орыс-қазақ мектебіне түседі. 1911 жылы Павлодардағы екі сыныпты орыс-қазақ мектебіне түсіп, оқыуын жалғастырады. 1914-1919 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқиды. Семейде жүріп алаш қозғалысына қатысады, "Абай" журналын шығаруға ат салысады.

Сан қырлы талант иесі Жұсіпбек Аймауытовтың артында қалған шығармашылық мұрасы аса бай. Оның ішінде көптеген өлеңдер, "Қартқожа", "Ақбілек" романдары, "Күнікейдің жазығы" хикаяты мен "Әнші" секілді бірқатар көркем әңгімелері, "Рәбиға", "Мансапқорлар", "Қанапия мен Шәрбану", "Ел қорғаны", "Шернияз" пьесалары, "Нұр күйі" поэмасы, сондай-ақ бірсыптыра сын мақалалар мен аудармалары бар.

Жұсіпбек Аймауытов кезінде аудармашы ретінде де танылды. Ол аударған А.С.Пушкиннің, Н.В.Гогольдің, А.Дюманың, Дж. Лондонның, Г.Мопассанның, В.Шекспирдің, К.Берковичтің, С. Чуйковтың шығармалары жаңа қалыптастып келе жатқан қазақ аударма өнерінің өрісін қаншалықты кеңейтсе, жазушының әлем әдебиетінің көрнекті туындыларын қазақ тіліне аударудағы тамаша аудармашылық таланттың да соншалықты айқын танытты.

Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893-1920)




ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси және тарихи-әлеуметтік оқиғаларға, қазақ, жеріндегі өзгерістерге өзінің азаматтық, ақындық үнін қосқан талантты қазақ ақындарының бірі - Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Ақын өмір сүрген тарихи кезең патшалық Ресей жеріндегі алапат сілкіністер мен төңкерістер заманы еді. Сол себепті де Сұлтанмахмұттың ойсанасы ерте оянды. Жасынан жетімдік пен жоқшылықтың қыындығын көп көрген ол айналасына сергек қарады. Алдына биік-биік мақсаттар қойды. Соған жетуді ойлады. Ілгері ұмтылды. Оқуға, білуге құштар болды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы 29 қазанды қазіргі Ақмола облысының Қызылту ауданында туады. Екі жасында анасы өліп, әжесінің тәрбиесінде болған оның балалық, жастық шағы Баянауыл өнірінде өтеді. Кедейлігінен "Шоқпыт" атанған әкесі Әбубәкір ақ көңіл, жомарт әрі айтқанынан қайтпайтын қайсар да қайратты адам болады. Білімі толысып, өнерге құштарланған Сұлтанмахмұт қаламынан бұл кезеңде "Дін", "Сарыбас", "Соқыр сопы", "Кезек қашан келеді", "Оқу" атты бірқатар өлеңдер мен "Зарландым" деген әңгіме туады. Оларда талапкер ақын ескі оқу мен жаңа оқудың айырмасы, өнер мен білімнің пайдасы, байлық пен кедейлік, т.б. туралы толғанады.

Ресей патшасы тақтан құлаған 1917 жылдың көктемінде Сұлтанмахмұт Семей қаласына келеді. Қазақтың оқыған азаматтарымен танысады, араласады, қызметке кіреді. Алаш қозғалысына белсене ат салысады.

1919 жылдың сонында Сұлтанмахмұт Павлодарға келіп, біраз уақыт кеңес өкіметіне қызмет етеді. Бірақ көп ұзамай бойындағы науқасы мендеп, төсек тартып жатып қалады. 1920 жылы 20 мамырда 27 жастағы Сұлтанмахмұт дүние салады.

Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931)



Абайдың жолын қуған және одан үлгі алған, ойшыл- философ, ғалым-тарихшы, ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы 1958 жылы 11 шілдеде Семей уездінің Шыңғыс волостындағы Кең-бұлақта Құнаңбай басқарған Тобықты руында дүниеге келген. Әкесі Құдайберді Абайдың үлкен ағасы. Шәкәрімнің анасы - Төлебике Қаракесек руынан Алдабергеннің қызы. Шәкәрімнің шығармалары оның өмір жолы және творчестволық қызметі туралы мәліметтер мен нақтыларды сақтайды.

ХХ ғасырдың басы Шәкәрімнің творчестволық қызметінің атағы шыққан уақыт. 1906 жылы ол Меккеге, Мысырға, Стамбулға барып, сатып алған кітаптарын Семейге пошта арқылы жібере жүріп, кітапханаларда жұмыс істеген. Оның өмірінің соңғы кездері 1905-1907 жж. революциямен, столыпин әсерімен, бірінші дүниежүзілік соғыспен, Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыспен, февраль және октябрь революциясымен, азаматтық соғыспен, кеңес үкіметінің орнауымен, коллективизациямен тұстас келеді.

Құдайбердіұлының тірі кезінде оның «Қазақтар айнасы» кітабы, «Қалқаман-Мамыр» және «Еңлік-Кебек» поэмалары басылып шықты. 1913-1924 жылдары «Абай», «Айқап», «Шолпан» журналдарында, «Қазақ» газетінде бөлек өлеңдері, мақалалары мен эсселері жарияланды. «Абай» және «Шолпан» журналдарында Хафизден аударған аудармалар мен Физулидің «Лейлі мен Мәжнүн» поэмасының аудармасын басып шығарды. 1936 жылы Алматыда «Әдебиет майданы» журналына Пушкиннің «Дубровский» мен «Метель» поэтикалық аудармалары жарияланды.

БЕРДІБЕҚ СОҚПАҚБАЕВ (1924 - 1992)



Өмірде адам басында болатын жайттарды, қыын-қыстау оқиғаларды тағдыр қабырғасы катпаған қаршадай кезімнен аямай-ақ үстіме үйіп-төкті. Сегіз жасымда, бірінші сыныпта оқып жүргенде, шешем өліп, жетім қалдым. Колхоздастырудың алғашқы қыын жылдары болатын. Содан Соң басымнан кешкендерді ойлай бастасам, осы күннің өзінде жүрегім қақ айырыла жаздайды, Япыр-ау, қалай тірі қалдым, осы күнге қалай жеттім?! «Өзім тура-лы повесть» осы толғаныстан туған дүние. Кейін оның аты «Менің атым Қожа» болып өзгертилді.

Алыстан арбалап материал тасымаймын, архивтің ша-ңын жүтпаймын. Жақыннан өз басымнан кешкенді, өзім байқап-түйгендерімді, өз айналамды дорбалап жинаймын. Бір сөзбен айтсам: өзін жазатын жазушымын. Мінез-кұлышқ жағынан Қожа өзге емес, менің өзіме үқсайды.

Бердібек Соқпақбаев

Сапарғали Бегалин (1895-1983)



Қазақ Совет балалар әдебиетінің негізін салушылардың бірі, аға жазушы С.Бегалиннің (1895-1983) ата қонысы - Шоқан мадақтаған, қобызға тартып, ән салған, айтыс ақыны Жанақ жүйрік жырына қосқан Арқаның киелі мекендерінің бірі - Дегелең таулары. Өз заманында бірнеше мамандық ауыстырған ол бақташыдан бастап газет редакторына дейін қызмет атқарған. Ең алғашқы өлеңі 1914 жылы «Айқап» журналында жарияланды. Жазушының шығармалары әр алуан. Ол ақын: эпик, лирик, ән-өлең авторы. Ол-прозаик, әңгімелі, романіст. Ол-этнограф, әдебиет зерттеушісі, аудармашы, қоғам қайраткері. 25 поэма, 12 повесть, 1 роман, көптеген өлең, әңгімелер, 9 шағын пьеса, 50 шақты ән өлеңін жазған. Алғашқы кітабы - «Қыран кегі» - көне қазақ аңызының сюжетіне құрылған. Аудармашы ретінде А.Пушкиннің, М.Лермонтовтың, Т.Шевченко, А.Твардовский және басқа да ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Жазушы қаламынан шықкан туындылар «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері» оқырмандарын қазақ жастарының өмірі, мәлдір сезімі, табиғат көріністерімен таныстырады. Жазушы Шоқан Уәлиханов бейнесін жасауда елеулі еңбек еткен. Соның нәтижесінде Шоқанның өмір жолын сипаттауға арналған «Шоқан асулары» атты повесі жарық көрді

Әміре Қашаубаев (1888–1934)



Әміре Қашаубаев 1888 жылдың шілде айында туылған. Туған жері - Шығыс Қазақстан, қазіргі Семей облысы, Абай ауданы, Қайнар селосында тұрған. Кедей шаруа жанұясында туып өскен. Қазақстан үлттық театр өнерінің негізін салушылардың бірі. Өнер жолын 1917 жылдың наурызынан бастады. 1921-1924 жылдары Семейде құрылған Қазақ Совет жастарының ағарту үйімі (Ес-аймақта) мүшесі болып, әншілік өнерін шындаған тұсті. 1924 жылдың наурызынан үйімдастырылған халық өнерпаздарының байқауына (әншілер сайысына) қатысып, бас бәйгеге Байжановпен бірге ие болды. 1925 жылдың наурызынан Қызылордада өткен Қазақстан Советтерінің бесінші съезі мен 1927 жылдың наурызынан үйімдастырылған тәртінші съезіне делегат болып, әрі делегаттар үшін үйімдастырылған концертке қатысты. 1925 жылдың наурызынан Париж қаласында өткен Бүкіл дүние жүзіне сән өнері көрмесінде «Ағаш аяқ», тағы басқа әндерді орындалап, екі бәйгемен қоса, күміс медальды иеленді. 1927 жылдың наурызынан Әміре Қашаубаев Москва консерваториясында қазақ әндерін астана көрермендері алдында тамылжыта шықады. А. В. Затаевич Әміре Қашаубаевтың әншілік өнерін өте жоғары бағалап, одан көптеген әндерді жазып алды. Әміре Қашаубаевтың орындаудынан 1925 жылдың наурызынан үйімдаған фонографқа жазылып алынған «Жалғыз арша», «Үш дос», «Ағаш аяқ», «Дударай», «Бесқарағай» әндерін 1974 жылдың музика зерттеушісі Әрі музықант Ж. Шәкәрімов тауып, оларды техникалық өндөуден өткеннен кейін қайтадан күйтабаққа түсірді. 1925 жылдың наурызынан Қызылордада ашылған Қазақ драма театрының алғашқы актерлерінің бірі болып қабылданады. Осы театрда 1926 жылдың наурызынан М. О. Әуезовтың «Еңлік-Кебек» трагедиясы алғаш қойылғанда Жапал ролінде ойнайды. Кейіннен Қоскелді, қойши, Жарас, Ақын (М. Әуезовтың «Қаракөз», «Бәйбіше-тоқал» және «Айман-Шолпанында») қария (М. Триggerdің «Сұнғуір қайығында»), («Шайхана қожасы»), (Д.А.Фурмановтың «Бұліншілінде»), тағы да басқа әр алуан кейіпкерлердің образын жасады. 1933 жылға дейін театрда әнші-актер болған. Әміре Қашаубаев 1934 жылдың наурызынан музикалық театрға (қазіргі опера және балет театры) ауысады. Әншінің өмірі мен творчестволық жолы туралы Шәкәрімовтың «Әміре» 1973 жылдың наурызынан, «Ән жұлдызы» 1978 жылдың наурызынан, «Әміре Қашаубаев» 1980 жылдың наурызынан, атты зерттеу еңбектері, Қ. Жармағамбетовтың «Әнші азамат» 1951 жылдың наурызынан және М. Тоқжігітовтың «Ән атасы - Әміре» 1972 жылдың наурызынан кітаптары жарық көрді.

ИЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН (1915-1983)



Ілияс Есенберлин 1915 жылы Ақмола облысындағы Атбасар қаласында туған. 1940 жылы Қазақ тау-кен институтын бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейінгі жылдарда филармонияны, "Жазушы" баспасын басқарады, т.б. жұмыстар атқарады. Жазушы Алматыда дүние салды. Қазақ әдебиетінде I. Есенберлин- жазған романдарының саны ең көп аса көрнекті жазушылардың бірі. Жазушы "Айқас" (1967), "Ғашықтар" (1968), "Алтын құс" (1971), "Көлеңкеңмен қорғай жүр" (1974), "Маңғыстау майданы" (1978), "Аманат" (1978), т.б. романдарымен оқырман назарын өзіне аударды.

Тарихи романдары. Есенберлиннің нағыз жазушылық орнын белгілеген шығармалары – "Қаһар", "Алмас қылыш", "Жанталас" атты тарихи романдары.

Тарихи романдар деп өткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын романдарды айтады. Жазушылар тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық, мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көніл бөледі.

Қазақстан республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған жазушы I. Есенберлиннің қаламынан туған "Айқас", "Ғашықтар", "Қатерлі өткел", "Алтын құс", "Маңғыстау майданы", "Алтын аттар оянады", "Көлеңкеңмен қорғай жүр", "Алыстағы арпалыс", "Аққу құстар қуанышы", "Махаббат мейрамы", т.б. романдары тың тақырыпта жазылған, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, соны серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылар еді.

Мұхаметжан Тынышбаев (1879-1937)



Мұхаметжан Тынышбаев (1879-1937) – қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері, алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұнғыш теміржол қатынастарының инженері.

1889-1900 жылдары Верный ерлер гимназиясында оқып, оны үздік бітіріп шығады.. Гимназияны бітіргендеге педагогикалық кеңестің шешімімен ол ғылымда, әсіресе, математикада үздік жетістікке жеткені үшін Алтын медальмен марапатталады.

Жиырма жасар Мұхаметжанның Жетісу әскери губернаторының кеңесіне тілмаш болып орналасуына жол ашады. Бірақ оқуға ынталы жас жоғары білім алуға ұмтылып, император Александр I атындағы Петербург теміржол транспорты институтына түсуге тілек білдіреді. 1916 жылғы көтеріліс туралы Түркістан генерал-губернаторына берген түсініктеме нұсқасында оны кеңінен толғап, отаршылдық зорлық-зомбылық қымыл-әрекеттеріне қысқаша шолу жасауы – тобықтай түйіндеп айтылған зор ғылыми еңбек болып табылады. Ақпан төңкерісіне дейін Мұхаметжан өзінің темір жол инженері мамандығы бойынша Орта Азияда, Жетісу облысында біраз жыл қызмет етеді.

1918 жылы бүкілтүркістандық IV-ші мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Түркістан («Қоқан») автономиясының премьер-министрі болып сайланады. 1926 жылдан бастап Тұрар Рысқұловтың қолдауымен Түркістан-Сібір жолын салуға қатысады.

Сталиндік зобалаңда ол 1930 жылы 3 тамызда тұтқындалып, бес жылға сотталып Воронежге жбес жылға жер аударылады. Онда ауырып, оралғанымен 1937 жылы қараша айында қайта тұтқындалады да, 1938 жылы Ташкент түрмесінде атылады